

Рудный қаласы бойынша халық үшін тұрмыстық қатты қалдықтарды жинауға, тасымалдауға, сұрыптауға және көмуге арналған тарифтерді бекіту туралы

Күшін жойған

Қостанай облысы Рудный қаласы мәслихатының 2022 жылғы 14 желтоқсандағы № 169 шешімі. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2022 жылғы 20 желтоқсанда № 31163 болып тіркелді. Күші жойылды - Қостанай облысы Рудный қаласы мәслихатының 2026 жылғы 15 мамырдағы № 279 шешімімен

Ескерту. Күші жойылды - Қостанай облысы Рудный қаласы мәслихатының 15.05.2026 № 279 шешімімен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

Қазақстан Республикасы Экология кодексінің 365-бабы 3-тармағының 3) тармақшасына, "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 6-бабы 1-тармағының 15) тармақшасына сәйкес Рудный қалалық мәслихаты ШЕШТІ:

1. Рудный қаласы бойынша халық үшін тұрмыстық қатты қалдықтарды жинауға, тасымалдауға, сұрыптауға және көмуге арналған тарифтер осы шешімнің қосымшасына сәйкес бекітілсін.

2. Осы шешім оның алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Қалалық мәслихат хатшысы

С. Байғужин

Мәслихаттың

2022 жылғы 14 желтоқсандағы

№ 169 шешіміне

қосымша

Рудный қаласы бойынша халық үшін тұрмыстық қатты қалдықтарды жинауға, тасымалдауға, сұрыптауға және көмуге арналған тарифтер

Атауы	Есептік бірлік	Қызметтер құны, теңге, (қосылған күн салығысыз)
Жайлы үйлер	тұрғын/айына	388,43
Жайлы емес үйлер	тұрғын/айына	389,63
Бірлік (көлем) үшін жылдық тариф	1 м3	2 868,42

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК